

## Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 710 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 436 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 436 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Сот приставтары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Сот приставтарының нысандық киімі мен ерекшелік белгілері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы № 1726 қаулысы ;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы № 1726 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 1283 қаулысы.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

25

маусымдағы

№

710

қаулысымен

бекітілген

## Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары

Р/с №	Бұйымдардың атауы	Бір адамға арналған бұйымдардың саны	Кию мерзімі
1	2	3	4
1	Кепка	1 дана	2 жыл

2	Жендері қондырмалы қысқа күрте	2 дана	3 жыл
3	Шалбар	3 дана	2 жыл
4	Ұзын қондырма жеңді жейде	2 дана	2 жыл
5	Галстук	2 дана	2 жыл
6	Қысқа қондырма жеңді жазғы күрте	2 дана	2 жыл
7	Қысқы күрте (астары алынатын)	1 дана	3 жыл
8	Шарф	1 дана	3 жыл
9	Қырықпа елтіріден жасалған құлақшын-бөрік	1 дана	3 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК